



Russell Bedford
taking you further

«АЛМАТЫ» ӨКК» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУЫН БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

«Russell Bedford» ЖШС

2023 жылғы 26 желтоқсан
Алматы қаласы

A leading global
network

FORNEX FIRM

Кіріспе

«Russell Bedford» компаниялар тобы Сізге өз құрметін білдіреді және Сіздің кәсіби қызметіңізге жаңа жетістіктер мен табыстар тілейді.

«Russell Bedford A + Partners» Халықаралық Аудиторлық Компаниясы «ЖШС «Алматы» ӘКК» АҚ **корпоративтік басқаруды бағалау нәтижелерін** жібереді.

Біздің Топ «Russell Bedford International» халықаралық желісінің нақты мүшесі болып табылады.

Russell Bedford International - әлемнің кез келген елінде клиенттерге жоғары кәсіби қызмет көрсету үшін күш біріктірген шетелдік тәуелсіз аудиторлық, бағалау және консалтингтік компаниялар кіретін халықаралық желі.


Біз аудит, бағалау, it-audit және корпоративтік қаржы саласында кәсіби қызмет көрсету бойынша кешбасшылардың бірі болып табыламыз.

«Russell Bedford» компаниялар тобының Қазақстандық және Халықаралық сертификаттарға ие кәсіби білікті штаты бар.

«Russell Bedford» компаниялар тобы ұзақ іскерлік қарым-қатынас орнатуға қызығушылық танытып, ортақ табысқа қол жеткізуге бағытталған Сізбен мықты ынтымақтастық орнатуға үміттенеді.

Біз ортақ табысымызға қол жеткізуге бағытталған Сізбен біріккен ынтымақтастығымызға үміттенеміз және біздің ынтымақтастығымыз Сіздің бизнесіңіздің өркендеуіне көмектеседі деп ойлаймыз.

Құрметпен,
Бас директор
Ш.Е. Құдайбергенова

«Russell Bedford» бас кеңсесі Лондонда орналасқан

Желі әлемдік үздік аудиторлық желілердің қатарына кіреді

- 100-ден астам елді қамту
- Желінің 350 кеңсесі
- 6500 қызметкер
- 700 серіктес

Мазмұны

❖ Ұсынымдар мен стандарттар көздері	4
❖ Корпоративтік басқаруды бағалау әдістемесі	6
❖ Бағалау мақсаты	8
❖ Бағалау нәтижелері	10
❖ Корпоративтік басқаруды талдау: компоненттер бойынша түйіндеме	12
❖ Негізгі оң сәттері мен кемшіліктері	15
❖ Корпоративтік басқару қағидаттарын енгізу дәрежесі: жекелеген қағидаттар бойынша талдау	19
❖ Негізгі ұсынымдар	21
❖ Байланысу	33

Ұсынымдар мен стандарттар көздері



Халықаралық стандарттар мен ұсынымдар

- ЭЫДҰ мен G20 корпоративтік басқару қағидадтары
- Мемлекет қатысатын кәсіпорындар үшін корпоративтік басқару бойынша ЭЫДҰ-ның басшылық қағидадтары
- Мемлекет қатысатын кәсіпорындардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және адалдық жөніндегі халықаралық стандарттар
- Корпоративтік басқару кодексін және Директорлар кеңесінің тиімділігі жөніндегі нұсқаулықты қоса алғанда, аудит, тәуекелдерді басқару және мемлекеттік ақшаны басқару жөніндегі Ұлыбритания стандарттары

Ұлттық стандарттар мен ұсынымдар

- Қазақстан Республикасының корпоративтік басқару үлгі кодексі және «Атамекен» ҰКП нұсқаулықтары
- «Атамекен» ҰКП корпоративтік хатшының қызметін ұйымдастыру және тәуелсіз директорлар даярлау жөніндегі ұсынымдары

Корпоративтік басқаруды бағалау әдістемесі



talking you further

Бағалау Компоненттері мен Критерийлері

Корпоративтік басқаруды бағалау 2023 жылғы қарашадан желтоқсанға дейінгі кезеңде жүргізілді және төрт негізгі кезеңді қамтыды

Бағалау жүргізу кезінде ЭЫДҰ-ның Нұсқаулық қағидаттарына негізделген, мемлекеттер үшін ұсынымдар болып табылатын және мемлекеттер мемлекеттік меншік иесінің функциясын қалай жүзеге асыруы тиіс деген стандарт ретінде халықаралық деңгейде қабылданған компоненттер пайдаланылды.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 5 қазандағы № 21 бұйрығымен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгі кодексінде көзделген корпоративтік басқару қағидаттары ескерілді.

Критерийлердің әрқайсысы бағалау шкаласы бойынша бағаланды:


Бағалау шкаласы:

- Қолданылмайды: -
- Орындалады: 1
- Орындалатын сияқты: 0,75
- Ішінара орындалады: 0,5
- Орындала қоймас: 0,25
- Орындалмайды: 0

Бағалау мақсаты



- **Бағалау мақсаты**
Бағалау корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыруға және халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкестікке бағытталған
- **Бағалау құрылымы**
Бағалау үш негізгі компонент бойынша қағидаттарға, стандарттарға және ұсынымдарға сәйкестікті талдауды қамтыды:
Құрылым, Процестер және Ашықтық
- **Күтілетін пайда**
 - Акционер мен стейкхолдерлердің сенімін арттыру
 - Компанияның нарықтағы беделін жақсарту
 - Орнықты даму үшін берік негіз құру



Бағалау нәтижелері

Russell Bedford
Kazakhstan

Russell Bedford
taking you further



MEMBER OF THE
FORUM OF FIRMS



Корпоративтік Басқаруды Бағалау жөніндегі Есеп:

- Негізгі қорытындылар мен ұсынымдарды қамтитын Word форматындағы егжей-тегжейлі есеп
- Әрбір өлшем бойынша бағаларды көрсететін кестені қамтитын Excel форматындағы егжей-тегжейлі есеп
- Әрбір қағидаттың рейтингі және егжей-тегжейлі талдауы

Ұсынымдар және Жетілдіру жоспары:

- Қоғам үшін бағалау нәтижелерінен туындайтын ұсынымдар
- Алдағы үш жылға арналған корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі бағдарлама

БАҒАЛАУ

ҰСЫНЫМДАР

3 ЖЫЛҒА
АРНАЛҒАН
ЖОСПАР

Қорпоративтік басқаруды талдау: компоненттер бойынша түйіндеме

Russell Bedford
Kazakhstan



Корпоративтік басқаруды талдау: компоненттер бойынша түйіндеме

Корпоративтік басқару деңгейінің үздік практика талаптарына сәйкестігі **77,66%**-ды құрайды

Сәйкестік деңгейі бойынша талдау бөлімдері:

Құрылым - 87,2% - Корпоративтік басқару құрылымы саласындағы үздік практика талаптарына сәйкестіктің жоғары деңгейі

Корпоративтік басқару процестері - 70,4% -


Корпоративтік басқару процестері саласындағы үздік практика талаптарына сәйкестіктің қалыпты деңгейі

Корпоративтік басқарудың ашықтығы, аудит - 75,6%

- Корпоративтік басқару мен аудиттің ашықтығы саласындағы үздік практика талаптарына сәйкестіктің орташа деңгейі

Құрылым

Озық практика
Нақты жағдай



87,2

Корпоративтік басқару процестері

Директорлар кеңесінің тиімділігін

70,4

Есептілік және ашықтық

Корпоративтік басқарудың айқындығы, аудит



75,6

Орнықты даму

Қаржылық ақпаратты ашу

Төуекелдерді басқару

Сыйлағы және сабақтастық

Сыртқы аудит

Қаржылық емес ақпаратты ашу

Корпоративтік басқару деңгейінің үздік практика талаптарына сәйкестігі **77,66** құрайды

Корпоративтік басқару деңгейінің Қазақстандағы ұқсас компаниялардың үздік тәжірибесінің талаптарына сәйкестігі мысалдары

«Астана» ӘКК АҚ – 53,3% (2023)

«Qazaqstan Investment Corporation» АҚ – 93,81% (2022)

«ҚазАвтоЖол» ҰК АҚ – 79,2% (2023)


«QazExproCongress» ҰК АҚ – 84% (2022)

"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ – 90,8% (2021)

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ – 93,1% (2023)

Russell Bedford
Kazakhstan

Негізгі оң сәттері мен өсу салалары



We're not
scientists.
Just we usually

FORUM OF FIRMS

Құрылым

1.1. Корпоративтік басқарудың құрылымы



1.2. Корпоративтік басқару қағидастарын сақтау



1.3. Қаржы-мүдделі тараптардың құқықтарын сақтау



1.4. Акционерлердің құқықтарын сақтау



1.5. Корпоративтік қақтығыстарды және мүдделер қақтығысын реттеу



1.6. Органдар мен қызметтердің құзыреттерін шектеу




Процестер

Russell Bedford
Kazakhstan


2.1. Директорлар кеңесінің тиімділігі



2.4. Тәуекелдерді басқару




2.2. Орнықты даму



2.5. Жоспарлау және мониторинг



2.3. Сыйақы және сабақтастық




Ашықтық және аудит

Russell Bedford
Kazakhstan


3.1. Есептілік және ашықтық



3.2. Қаржылық ақпаратты ашу




3.3. Қаржылық емес ақпаратты ашу



3.4. Сыртқы аудит



3.5. Ішкі аудит



**Корпоративтік
басқару қағидастарын
енгізу дәрежесі:
жекелеген қағидастар
бойынша талдау**

Russell Bedford
Kazakhstan



Өкілеттіктерді шектеу қағидаты:

- Сақталады, бірақ Директорлар кеңесі мүшелерінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету ұсынылады
- Жедел мәселелерге және корпоративтік басқару құрылымдарына араласпауды сақтау үшін Жалғыз акционердің шешімдеріне мониторинг жүргізу ұсынылады

Акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты:

- Сақталады, бірақ орта мерзімді перспективада ішкі нормативтік құжаттарда миноритарлық акционерлердің құқықтарын қорғауды қарау ұсынылады

Тиімді басқару қағидаты:

- Сақталады, бірақ директорлардың гендерлік теңдігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету ұсынылады
- Стратегияны әзірлеу үшін ДК-не бағалау жүргізу және стресс-тестілеу техникасын пайдалану ұсынылады
- Басқару процестерін жақсарту үшін бірыңғай автоматтандырылған жүйені енгізу ұсынылады

Орнықты даму қағидаты:

- Сақталады, бірақ орнықты даму саласындағы жобалар мен бағдарламаларды бағалау туралы ақпаратты өзектендіру талап етіледі
- Орнықты даму жөніндегі блокта Қоғамның интернет-ресурсын өзектендіру ұсынылады

Тәуекелдерді басқару қағидаты, ішкі бақылау және аудит:

- Сақталады, бірақ тәуекел-тәбетті бекіту және тәуекелдер бойынша лимиттердің ақпараттылығын қайта қарау ұсынылады
- ТБКЖ тиімділігін тұрақты бағалау, санаттарды біркелкілікке келтіру және қызметкерлерді ТБКЖ-мен ұдайы таныстыру ұсынылады

Қақтығыстар мен мүдделерді реттеу қағидаты:

- Сақталады, бірақ мүдделер қақтығыстары туралы ақпаратты хаттамалау және жұмыскерлерден келісім алу ұсынылады
- Мүдделер қақтығыстары туралы ақпаратты жіберуге қатысты құжаттарды нақтылау ұсынылады

Ашықтық және объективтілік қағидаты:

- Сақталады, бірақ жылдық есептерді ДК қызметі, ДК комитеттері жұмысының нәтижелері туралы ақпаратпен толықтыру ұсынылады
- Қажетті ІНҚ, корпоративтік шешімдерді жариялау және ДК жанындағы комитеттердің есептерін қалыптастыру ұсынылады

Негізгі Ұсынымдар

Russell Bedford
Kazakhstan

 Russell Bedford
talking you further

 member of the
FORUM OF FIRMS

1.1. Корпоративтік басқару құрылымы

Миноритарлық акционерлердің құқықтарын қорғау:

- Үздік практикаға сәйкес келу үшін орта мерзімді перспективада ішкі құжаттарда миноритарлық акционерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі ережелерді енгізу

ДК-не кандидаттарға қойылатын талаптар:

- ДК мүшелерінің бір-бірінен толық тәуелсіздігін қамтамасыз ету және әйелді гендерлік теңгерім үшін ДК құрамына енгізу

ДК комитеттері:

- Тек қана тәуелсіз директорларды қоса отырып, ДК Аудит жөніндегі комитетінің құрамын қайта қарау
- Кадрларды бағалауды және қысқа мерзімді перспективада көшбасшыларды даярлау бағдарламасын қоса алғанда, ДК мүшелері үшін сабақтастық жоспарын әзірлеу

1.2. Корпоративтік басқару қағидадтарын сақтау

Корпоративтік басқару кодексі:

- Кодекстің мәтіндік нұсқасын бекітуші органды, шешімнің күні мен нөмірін көрсете отырып, сканерленген нұсқаға ауыстыру
- Бағалаудан кейін Қоғамның сайтында корпоративтік басқару рейтингін жариялау
- Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту

Іскерлік әдеп кодексі:

- Омбудсменнің міндеттерін іскер әріптестер мен мүдделі тұлғалар үшін жасырын түрде толықтыру
- Аталған тұлғалар үшін Кодекстің ережелерін түсіндіру бойынша Омбудсменнің міндеттерін кеңейту

Корпоративтік хатшы:

- Мүшелерге консультациялар үшін Корпоративтік хатшыға жүгіну құқығын бере отырып, ДК туралы ережені кеңейту
- Корпоративтік хатшыны жүйелі оқытуды және біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету (курстар, сертификаттау, корпоративтік басқару жөніндегі семинарлар)

1.3. Қаржы-мүдделі тараптардың құқықтарын сақтау

- Тиісті Қағидаларға (жобаларды іріктеу және сүйемелдеу, аукциондар өткізу) Қоғам шешімдеріне шағымдану мүмкіндігін және осындай шағымдарды қарау регламентін енгізу
- Сатып алу жүйесіне жеке талдау жүргізу
- ДК мен менеджментті стейкхолдерлер тізбесінен алып тастау, жылдық есептерде
- Стейкхолдерлер картасымен жұмыс нәтижелерін көрсету
- Жылдық есептерде кредиторлар мен қарыздық қаржыландыру туралы ақпаратты ашу
- Қысқа мерзімді перспективада whistleblowing тетігін езірлеу және бекіту, бұл ретте ұқсас екі тетікті қарастыру – сыртқы тараптар үшін (whistleblowing) және қызметкерлер үшін (speak-up)

1.4. Акционерлердің құқықтарын сақтау

- ЖА шешімдерінің ашықтығы мен ДК шешімдерінің тәуелсіздігі арасындағы теңгерімді сақтау
- Егер ондай болса, Қоғам мен еншілес компаниялар арасындағы тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге бағаларды айқындау үшін трансферттік баға белгілеу саясатын өзірлеу және енгізу

1.5. Корпоративтік қақтығыстарды және мүдделер қақтығысын реттеу

- Мүдделер қақтығыстары туралы мәліметтерді ұсынуда бірізділікті белгілеу (жауапты бөлімшеге, Корпоративтік хатшыға немесе Омбудсменге)
- Мүдделер қақтығысы жөніндегі саясат нормаларына қызметкерлердің келісімін алу және назарына жеткізу
- ДК мүшелерін басқа компаниялардағы лауазымдарды қоса атқарар алдында Тағайындау жөніндегі комитет төрағасының мақұлдауын алуға міндеттеу

1.6. Басқару органдары мен қызметтері құзыреттерін шектеу

- Қоғамның операциялық қызметіне араласпау қағидатын сақтауды, сондай-ақ Қоғамның корпоративтік басқару құрылымы жұмысын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында ДК мен өзге де органдардың айрықша құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ЖА шешімдерінің мониторингін қамтамасыз ету
- ІНҚ мерзімді қайта қарау және оларға өзгерістер енгізу, сайтта жариялау кезінде басқару органы шешімінің күні мен нөмірін көрсету. Бұл жұмысты үйлестіру үшін бірыңғай жауапты тұлғаны тағайындау ұсынылады. Қысқа мерзімді перспективада Комитеттер туралы ережелерді өзектендіру

2.1. Директорлар кеңесінің тиімділігі

Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерін сайлау (тағайындау)

- ДК мүшелері үшін жауапкершілікті сақтандыруды сатып алу
- ДК жаңа мүшелерін енгізу бағдарламасын әзірлеу
- ДК туралы ережеге сарапшылардың пікірін алу құқығын енгізу
- Тағайындау жөніндегі комитет туралы ережеге кандидаттарды іріктеу критерийлерін айқындау жөніндегі құзыретті енгізу
- Басқарма мүшелері үшін сабақтастық жоспарларын әзірлеу және бекіту
- Қысқа мерзімді перспективада ДК бағалау және ДК әрбір мүшесіне жеке бағалау жүргізу

Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру

- ДК хаттамаларында дауыс беру қорытындылары мен шешімдерінің көрсетілуіне бақылауды күшейту, Тәуелсіз директорлардың еңбек демалысын айтудан аулақ болу
- Әрбір күндізгі отырыста ДК мүшелерінің мүдделері қақтығысының жоқтығы/болуы туралы ақпаратты хаттамалау
- ДК мүшелері мен менеджменттің өндіріске, еншілес ұйымдарға және жобаларға тұрақты түрде (мысалы, жылына бір рет) шығу практикасын енгізу

Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін бағалау

- Жылдық жұмыс жоспарында ДК тиімділігіне бағалау жүргізуді қарастыру және бағалау кезеңділігін ЖА-мен келісу

2.2. Орнықты даму

- Орнықты даму стратегиясын әзірлеу және бекіту
- Экологиялық орнықтылық саласындағы саясатты әзірлеу және енгізу
- Орнықты дамудың түйінді көрсеткіштеріне ықпал ету жөніндегі жобаларды бағалауды жылдық есептерге, 2020-2023 жылдарға арналған стратегияға және 2023-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасына енгізу

2.3. Сыйақы және сабақтастық

- ДК мүшелеріне сыйақы төлеу саясатын ресми сайтта жариялау
- ДК Тағайындау, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет басшыларының сабақтастық жоспарларын тұрақты талқылау
- Қоғамның пайымы мен стратегиясын танысу, бағалау, біліммен алмасу және талқылау үшін кадр резервімен басшылық пен ДК кездесулерінің практикасын енгізу

2.4. Тәуекелдерді басқару

- Тәуекел-тәбетті бекіту және түрлі құжаттардағы тәуекел санаттарын сәйкестендіру
- Тәуекелдің түйінді факторларын, оқиғаларды, қабылданған шараларды және Қоғамның перспективаларын бағалауды көрсететін тұрақты негізде ЖА алдындағы Директорлар кеңесінің есебін енгізу. Негізгі және туындайтын тәуекелдерді (primary and emerging risks) анықтау
- ТБКЖ тиімділігіне тұрақты бағалау жүргізу
- Маңыздылық балының көрсеткішінің орындылығын қарау және тәуекелдер бойынша лимиттердің ақпараттылығын қайта қарау
- Жаңа қызметкерлерді тұрақты негізде ТБКЖ-мен таныстыру
- Орта мерзімді перспективада ТБКЖ тиімділігін тәуелсіз бағалау
- ТБД басшысына Тәуекелдерді басқару саясатында және ТБД туралы ережеде тікелей ДК өз пікірін білдіру мүмкіндігін көздеу
- Қоғамда сыбайлас жемқорлық жағдайларын ашу кезінде сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша жедел желіні және қызметкерлерді қорғау саясатын енгізу

2.5. Жоспарлау және мониторинг

- Қаржылық мақсаттарға, капитал құрылымына және тәуекелдер деңгейіне мониторинг енгізу
- Қоғамның даму стратегиясын әзірлеу кезінде стресс-тестілеу техникасын пайдалану
- ДК отырыстарында тоқсан сайын әлемдік тәжірибелерді ескере отырып, Даму жоспарының орындалуын талқылау
- Есептілікті дайындауды қоса алғанда, жоспарлау, бюджеттеу және болжау процестерін автоматтандыру үшін БАЖ сатып алуды қарау

3.1. Есептілік және ашықтық

- Жылдық есептерге мүмкіндіктер мен тәуекелдерді қараудың сипаттамасын, бизнес-модельдің тұрақтылығын қамтамасыз етуді және тәуекелдерді басқарудың стратегиялық шешімдерге әсерін қосу
- Жылдық есептерге ДК қызметі, инвестициялау тәсілі және қызметкерлерге сыйақы беру туралы егжей-тегжейлі ақпаратты енгізу
- Ақпараттың ашықтығы мен ашылуы қағидатын ескере отырып, 03.05.2011 жылғы қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы ережені өзектендіру

3.2. Қаржылық ақпаратты ашу

- ІНҚ-ның саяси партияларды және үгіттік-насихаттық көмекті қаржыландыру құқығын шектеу
- Байланысты тараптармен және Қоғамның сайтында мүдделілікпен жасалған мәмілелер туралы ақпаратты ашу
- Қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы басшылық есебінің мүмкіндігін қарастыру (мысалы, Басқарма Төрағасының есебі)

3.3 Қаржылық емес ақпаратты ашу

- Ашуға жататын ІНҚ-мен Қоғамының сайтын толтыру
- ДК құрамын ертараптандыру туралы саясатты қабылдау және Қоғам сайтында жариялау
- Жылдық есепке ДК комитеттерінің қызметі, тәуекелдерді басқару жөніндегі ДК қызметі туралы ақпаратты енгізу (2.4-бөлімдегі ұсынымдарды қараңыз)

3.4. Сыртқы аудит


- Серіктестерді ротациялауды, консультациялық қызметтер көрсетуді қоса алғанда, сыртқы аудиторларды тарту шарттары бойынша саясат әзірлеу және белгілі бір кезең ішінде (cooling-off period) сыртқы аудитті жүргізуге қатысқан аудиторлық ұйымның қызметкерлерін жалдауға жол бермеу

3.5. Ішкі аудит

- Аудит жөніндегі комитетке және ДК-не есептілікті ұсыну мерзімдерін ІАҚ туралы ереже, Ішкі аудит қағидалары және ІАҚ-ты бағалау мерзімдерін сәйкес келтіру
- ІАҚ туралы ережеде ІАҚ-тың ДК отырыстарына менеджментсіз қатысу мүмкіндігін көздеу
- ІАҚ қызметкерлерін кәсіптік оқыту жоспарын әзірлеу
- Ішкі аудиттің 3 жылға арналған стратегиялық жоспарын әзірлеу
- Тәуекелдер тіркелімі мен картасындағы өзгерістерді ескере отырып, болашақ кезеңдерге арналған ЖАЖ қалыптастыру
- ІАҚ жұмысы бойынша кері байланысты қарастыру және ІАҚ-қа ішкі бағалау жүргізу
- ІАҚ үшін қолданыстағы бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану мүмкіндігін қарау
- ІАҚ бюджетін және оған енгізілетін барлық өзгерістерді Аудит комитетімен келісу

Серіктес

Ш.Ш. Сартаев _____



Орындаушы

Т.А. Муханбеткалиева _____



НАЗАРЫҢЫЗҒА АЛҒЫСЫМЫЗДЫ БІЛДІРЕМІЗ!

Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы,
Әл-Фараби даңғылы, 202-үй, «Алем Star» БО, 2-қабат,
пошта индексі 050043
Телефон: +7 727 399 80 00

E-mail: info@rbpartners.kz

www.rbpartners.kz